

## ЖАЗДЫГҮН ШІЛДЕ БОЛҒАНДА

“Жаздыгүн шілде болғанда,  
Көкорай шалғын, бәйшешек  
Ұзарып өсіп толғанда...”

Өспеген, толмаған. Бәйшешек жоқ, шалғын көкорай емес. Сирек тоғайлы өзен иіні мен түйстайлы қырат аралығындағы тай шаптырым кең түбек шөбі жұтаң, селдір шилеуіт, бозғыл қияқты саржағал ойпаңға айналыпты. Бірақ сол қоныс. Тек арада жүз жыл өткен.

– Абайды бұл жерге жазғы жайлауға өзіңнің үлкен атаң қондырғанын білесің ғой!.. – деді Кенже аға.

“Бұл жер” деген сөз соншама жат естілді. “Бұл жердің үлкен атасы” десе жөнге келер. Бірақ жерден жер тумайды. Баяғы баба жер. Қаусаған, қартайған, тозған. Бірақ жүз жыл емес, күні кеше ғана өз көзіммен көрдім – суреті де, сәулеті де басқаша болатын. Абай атамның өзі бейнелеп кеткендей. Иә. Дәп солай. Жайылмадағы қалың шалғын жаз ортасына жетпей-ақ тұтаса бітіп, жел соққанда теңіз бетіндей құбыла толқыр еді. Мен, жасым мүшелге толмаған, өзімнен үлкен мылтығымды қос қолдай жоғары көтеріп, малтығып әрең өтер едім. Шалғын теңізіне бойлауым – әуестік емес, иіндегі қалың тоғайдың дәл осы тұсында құр тобымен жүреді. Ерте балапандап, ерте жетіледі. Қалқоздың шөп машиналары шалғынға түсіп, қақалып-шашалып, дарылдап-барылдап, осы маңайдағы аң мен құс атаулыны үркітпей тұрғанда қамтып қалуым керек. Тоғай жиегіне тақағанда еңбектеймін. Анда-санда ғана бас көтеріп, таяу маңдағы түп-түп боз талға бажайлап қарап алам. Қолымнан, сирағымнан түк қаламайды. Кейде, сояуы толып піскен нәрлі, қуатты, бойшаң шөптің көлденең қияғы бетімді де осып кетеді. Оның бәрін артынан көресің. Ал қазір, қалыңды үңги еңбектеп, борша-борша болып, межелі жерге әрең жетіп, сығалап қарағанда... биік талдың ортаңғы бұтағында бір құшак болып, дүрдие қонақтап отырған үлкен қоңыр құрды көресің. Әуелде көре сала атып түсіріп едім. Дыр-дыр, быр-быр... Дәл аяқ астынан алай да ұшты, былай да ұшты – екеу-үшеу емес, жеті-сегіз құр. Мылтығым жеке-ауыз, қайыра оқтап үлгермедім. Келесіде көрсем де атпай, аңдып жататын болдым. Құр байғұс әбден тояттаған соң жоғарырақ шығып отырғанды тәуір көреді екен. Сөйтіп, бірде жалғыз оқпен қатарынан үшеуін түсіріп, аяқтарын балдырған шыбықпен матастырып, үйге әрең көтеріп әкелгенім есімде. Құр – тоғай шетінде. Оған дейін, одан соң төбеден арлы-берлі ұшып өтетін үйрек-қазда қисап жоқ. Үйректер – тобымен, су-су етеді. Қаздар екеу-үшеуден, жүрегінді шымырлата қаңқылдап, жөңкеріле ұшады. Амал не, мен ауадан ата алмаймын. Байқап көріп едім, оқ-дәрім бос рәсуә болды. Бірақ уақа емес. Құр атқан соң, ата алмасам да, қалың тоғайдың өзім білетін жым-соқпақтарын бойлап өзенге түсем. Бұл тұста ағын баяу, арна кең – оқ бойы, екі қабақ жатаған көк шым; сырттан қанша

пысынап келсең де, бетіне жеңіл бу тұнған мөлдір судың қоңыржай, балдырлы, балықты хош иісі көкірегінді ашып, бірден сергітеді. Енді жиектегі қамысы бүлкілдей тербеліп, сырғи ағып жатқан айдынға қарайсың. Өне үйрек. Өне қаз. Еңбектеп, оңтайлы жерге барасың. Әйтпесе, томардың тасасына, шөпке бұғып, күтіп жату керек. Ылдилап, немесе өрлей жүзіп өзі келеді. Тарс! Оқпаннан тығылыса шыққан топ бытыра сорғалай ұшып, су бетіне бұршақша шашылады, бұршақ жауынның қақ ортасында қалған көк ала үйрек бауыр жүні қобырап, аударылып түседі. Бір үйрек қалды, сол сәтінде бес үйрек, он үйрек, бір қаз, үш қаз азан-қазан шу көтере, далбырлай ұшып, тоғайдан асып жатады. Мейлі. Бәсіре суы, бірер сағатта қайтып келмек. Үйрек пен қаз ғана емес, ара-тұра бірқазан мен қарабай да ұшырасатын. Бірқазанның сәті болмады. Ал қарабайды, әлдеқалай, су жиегінде, таязда, жалдай басып тұрғанда шаншып түсіріп едім; шаншып дегенім – ірі бытыраның ауаны тіліп, зулап бара жатқанын көзбен көргендей болдым, нысанаға жеткенде кірші еткен даусын құлағыммен естігендей едім; қарабай ауған жоқ, төңкерілген жоқ, әуелі ұзын мойны сылқ босады, содан соң екі тізесі бүгілгендей, шөке түсіп, қимылсыз қалды – сол сәтінде жаным ашып кетіп еді... Иә. Қолымда тым кұрса бір үйрек, өзенмен амалсыз қоштасып, қайтадан тоғайлап, сыртқа шығам. Сары, көгілдір, қырмызы гүл аралас қалың шалғын сәскедегі күн нұрында жасыл, қоңыр, күлгін, кейде қызыл жалқын түспен құбыла түрленеді. Көк түбектің етегі, ескі қыстаудың түбінде, жар жиегінде жалғыз киіз үй тұр. Әжем мені қарауылдап, дөң басына шығады. Кешіксем, қорқып отырады. Мылтық даусы естілсе, қуанады, аман екен, жүр екен деп. Ал атам менің неше рет атқанымды санап отырады. Қанша құс түсірді деп емес. Мергендігімді сынап, мүлт кеткенімді түгендеу үшін. Мылтыққа үйреткен өзі. Қалай қуанатын. Азамат болды, ержетіп келеді деп. Қайран атам. Қайран әжем. Екеуінің бар алданыш, бар сүйеніші мен екем. Ал менің... туған әкем “халық жауы” болып айдалып кеткен, кітап оқудан соңғы бар қызығым – осы. Иә. Соншама талайсыз заманда сондай бақытты күндеріміз болып еді. Атам мен әжемнің ғана емес, менің ғана емес. Осы жердің.

– Иә, Кенже аға, – дедім. – Бірақ қалай азып кеткен, мен көрмеген жиырма... жиырма бес жылда...

– Бәрі де қарғыс атқан полигонның кесірі ғой, – деді Кенже ағам бір түрлі төменшіктеп. – Адам – ауру, жер – сырқау болды. Топырақтың өзі тозады екен. Судың өзі құрдымға кетті. Күні кеше ғана, өзің көргенде Бақанас қандай еді. Биыл тасымай да қалды. Түбекке жайылмады. Былтыр да, арғы жылы да... Міне ғажап, шөпті шөп қуады екен ғой. Түбектің қыр жағынан жусан өріп келеді. Етектің біраз жерін алып қойды. Ойпаңның өзінің көп жерінде шалғынның орнын қияқ басқан...

Мен жаңа басталған шілденің сүйек жібітер шуағында бусанып емес, қуарып жатқан түбекке қайтадан көз салдым. Абай атамның булыққан, шерлі жүрегінің жіптік тамырын тауып, сезімінің нәзік пернесін қозғап, шығармашылық ұзақ ғұмырындағы шешуші, бетбұрыс кезең – “Жаз” өлеңін тереңнен суырып шалқытқан сырлы қоныс – менің ата мекен,

басыбайлы жерім. Абайдың жасы үлкен досы – менің үшінші атам Құрымбай Бітенұлының қысқы қорығы екен.

– Атамыз Абаймен тіпті жақын болса керек, жайлау сұрағанда сөз айтпай беріпті, көшті өзі бастап әкеп қондырған екен. Білесің ғой?..

Білемін. Осы оқиғаға байланысты тағы қаншама тарих. Бүгінгі түйіні – мен болсам керек. Мүмкін, бір заманда таратып жазудың да сәті түсер.

– Білем, – дедім. – Қоныстың Көпбейіт аталуы...

– Анау... анау... анау... – деді Кенже ағам әуелі жоғарыға, содан соң арғы бетке, ақыры төменге, дәл іргеге иек сілтеп. – Кейін барлық жердің аты өзгертілді ғой. Ескі кеңсе деп аталады. Мағаш атаңның алты бөлме үйін қалқоздың алғашқы кеңсесі жасаған. Орталық Байқошқарға көшкенде Ескі кеңсе болды да қалды. Міне, енді іргесінің өзі жермен-жексен...

Бұл – мен туған үй еді. Бір заманда Әлихан Бөкейханов түскен, Міржақып Дулатов түскен. Мұхтар Әуезов келген. Ол – ұмытылған тарихы. Көмескіден бүгінге жалғасқан – мен ғана. Осында тудым. Осында тұрдым. Осында өстім. Кейін иен қалды. Мен оқуда жүрген кезде, 60-жылдары комсомол-жастар бригадасы құрылып, жаңа қой қоралар салу керек болғанда қиратыпты. Қазір ол қоралардың өзі құлап жатыр, қабырғасы қақырап, көңі бұрқырап. Мана көлеңкесіне аттарымызды байладық. Енді іргесі ғана қалған ескі қыстау үстінде, өзенге құлай біткен жартасты биік қабақ басында, бір кезде дулаған, бүгінде қураған кең түбектің төменгі жағында тұрғанбыз. Мен ескі қыстаудың орнын көре кету үшін, Абай атам толғанған топырақты басып, осы жерде жатқан бес атамның басына құран оқу үшін келген едім.

“Анау... анау... анау...” Кенже ағам иегімен нұсқаған алғашқы “анау” – түбектің жоғарғы шегіндегі қырат басында, іркес-тіркес салынған үш-төрт күмбез көрінеді. Жаңа ғана іргесінен өтіп, тізе бүктік; күмбез төңірегі жыпырлаған тас мола; жоғарғы және ең ескі көп бейіт осы. Төменгі көп бейіт – екінші “анау” – өзеннің қарсы қабағы, кеңінен оралған тапалтақ тас зираттар, шикі кірпіштен өрілген, қабырғасы төмен, бұрышы зор төртқұлақ, бітеу шошақ, ретсіз тас үйінділер. Біздің әулеттің арыдағы барлық үлкен-кіші, әйел-еркегі осында жатыр. Ал үшінші “анау” – қорадан әудем жердегі шоқ бейіт, – жаңа ғана басында болдық, – жер иесі Құрымбай ақсақал бастаған кейінгі қауым; ақсақал наурызда, су тасып жатқан кезде дүние салған екен, арғы бетке өткізе алмай, осы араға жамбасын тигізіпті, кейін інілері, ағайын-туыс, жақын жұрағаты қойыла берген, ең соңғысы – менің үлкен әкем Мағауия.

– Атам не айтты? – деп сұрадым. Әрине, Абай туралы.

– Өзің білесің, – деді Кенже ағам. – Соны жазбайсың ба? Үлкен атамызды қосып. Қонған. Риза болған. Батасын берген. Білесің ғой: “Сөз ұстаған ұл тусын, Ел ұстаған би тусын!” деген. Келер жылы, үлкен үйдегі Ділданың қолбала қызы Қарагөзді Қүрекеңе кішілікке берген. Қарагөзден – Бекмағамбет, Бекмағамбеттен – мен, Төкен; Кенже аға дейсің, біздің әулеттің ендігі үлкені мен болып қалдым. Бәрінің сүйегі осында. Мені де осы жерге әкеліп қойындар. Жетпіске тақадым, енді қанша жүрер дейсің...

– Тағы бір жиырма жыл тұра тұрыңыз, – дедім. – Әңгіме сұрайтын да шал керек.

– Е-е, әңгіменің бәрі өзіңе көшті ғой, – деді Кенже ағам – біздің әулеттен қалған ең соңғы ескілікті ақсақал. – Адам тозады. Оны білетін едік, – деді сосын. – Жер тозады деп кім ойлаған. Абай жарықтық келіп қонғанда біз көргеннен де әдемі болған шығар...

“... Көкорай шалғын, бәйшешек  
Ұзарып өсіп толғанда,  
Күркіреп жатқан өзенге  
Көшіп ауыл қонғанда...”

Өзеніңіз – осы. Екі жағалаудағы ағашы әлі үзілмеген. Кей тұста мүлде селдіреп, кей тұста шоқтана көгереді. Мен көргенде қалың тоғай еді. Жазда бытысып кетеді, өткел бермейді. Қыста, аңшылық кезінде қоян жымын бойлап қана жүруге мүмкін еді. Өзеннің өзі, тұңғыық қара сулары көп болғанымен, ағысты тұстарда терең емес, мөлдір су тізеге жетер-жетпес, малта тастардың үстінен күмістей сырғып, сылдырай ағып жатыр. Сарқырама – төменде. Қазір дыбысы жетпейді. Іргедегі, өзеннің екі қабағындағы қос биік – Босаға аталады, басына шықсаң, күркірей сарылдаған дыбыс анық естілер еді. Әсіресе, бергі, Сол Босағадан. Сөз жоқ, Абай атам да басына шығып отырды. Өйткені бұл – жай ғана тау емес, тылсым қонақтаған тұғыр – жартасы толған ескі сурет, сырлы таңба. Оны кейінірек көрді. Алдымен – жанды таңба: көшкен ауыл жаңа қонып жатқан өзгеше сәт, ғажайып сурет... Мәңгі жасар жыр жолына түскен де сол көрініс...

## 1

Тым ауырлатпай, сәнмен артылып, қалы кілем, терме алаша, қара-ала сырмақ жабылған түйелі көш күн шыға кеткен. Одан да бұрын, таң бозынан – қосты жылқы. Ең соңында қораланған қой. Көппен бірге атқа қонған Абай тобы кешеуілдеп қалып еді. Түстіктен ескен қоңыржай самалға кеудесін тосып, жұпар иіс жусан, жібек шашақ селеу басқан, шыбынсыз, шусыз, мақпал қырмен орағыта жүрген. Сапар емес, сейіл, серуен. Келелі кеңес.

Жазыла қатар түзген жиырма шақты аттының қақ ортасында – күміс ерлі құла жорға мінген Абай. Тұғырға қонған барқын бүркіттей оқшырайған зор денесі жинақы, кеуде көтеріңкі. Оң жағында – патшалық тәртіпке қарсылығы үшін ішкі жақтан қазақ даласына айдалып келген орыс зиялысы Нифонт Долгополов, Семейде орныққан, қырға тыныстап шыққан құданда-жегжат тағы екі-үш марғасқа, ауыл-үй ақсақалдары, сол жағында – Байкөкше, Көкбай ақындар, одан әрі Ақылбай, Мағауия бастаған жас бозбала, жігіт-желең. Әуелде дабыр-дұбыр, ортақ әңгіменің ұйтқысы болған Абай күн көтеріле оқшау, үнсіз қалды, содан соң Долгополовпен жеке, ұзақ сөйлесіп кеткен. Дәстүр, салт төңірегінде

басталған әңгіме ел туралы, жер туралы, қазақтың өткені мен бүгіні, жақын және алыс болашағы туралы кеңеске ұласты. Тар қапаста қысылып қалған, енді айдауда жүрсе де бір сәт кең дүниеге шыққан орыс тым еркін сөйлейді. Әлпетін анық аңдаса, көлденең кісі шошып кетер еді. Патшалық тәртіптің күні санаулы дейді. Сіздер орыстан қорлық көрдім дейсіздер. Ашық айтпасаңыз да білеміз. Ал сол орыстың өзі сіздерден артық жапа шегіп отыр. Сіз, Ибрагим Құнанбайыш, Пушкинді де, Лермонтовты да оқыдыңыз – нені аңсады, не үшін күресті, неден өлді – білесіз. Қайта, сайын сақарадағы сіздердің өмір әлдеқайда бостан. Үнсіз тыңдап, қабағымен мақұлдап, ой үстінде келе жатқан Абай еріксіз жымыды. Енді ол да шешіле сөйледі.

– Біздің ең жақсы жерлерімізді мұжық алып отыр. Әперген – хукімет, низам. Яғни бұл – біздің хукімет емес, сіздің хукімет, біздің низам емес, сіздің низам. Әкесі баласына ренжісе, дұрыс болар, теріс болар, ұрсып алады, бірақ әке мен баланың туыстық жақындығы өзгермейді. Нифонт Иванович, мен сіздің жағдайыңызды, Семейге, Омбыға, Алтайға айдалған орыс ағайындардың ахуалын жақсы түсінем, өз орталарыңыздан, жақын-жұрағат, көңіл қалаған істен айрылып, еріксіз келдіңіздер, бірақ осы, айдаудағы орыстың өзі қазаққа төре емес пе! – деді.

– Қайдағы төре, – деді Долгополов қызарақтап. – Шенеунік, қызыметші... Абай-аға, – деді, Ибрагимді де, Құнанбайышты да жайына қалдырып, жалпы жұрттың тіліне көшіп, – Абай-аға, сіз қалжыңдап тұрсыз...

– Басқасын білмеймін, – деді Абай жымыып, – дәл қазір сіз менің құрметті қонағымсыз, төреден де үлкен... Ал енді, әлгі, сіздер аяушылық білдіретін перселен мұжықтар ше? Қазір Семейдің төңірегі, Ертістің ұзына бойы түгел солардікі. Ертісіңіз не, Алатаудың бауырына жетті. Жетісудың ең шұрайлы жерлерін кесіп алды. Не қаласа – солардікі. Заң бекітеді, әскер қорғайды. Біз ол мұжықтың қызыметшісі, құлы ғұрлы хұқымыз жоқ. Бүгінгіміз мынау, ертең тағы қандай сұмдығын әкеле жатыр? Әкеледі әлі. Сонда деймін, сіз жат көріп жүрген патша кімнің патшасы? Сіз қорлықта отыр деген ел кімнің елі? Сіз жиренетін хукімет кімге қызымет етеді? Бәрі де орыстікі, орысқа қызымет етеді. Яғни, бәрі де сізге тиесілі, құрметті Нифонт Иванович!

– Абай-аға, – дейді Долгополов мүлде абдырап. – Ол – басқа нәрсе. Оның жөні басқа. Өзіңіз де білесіз, Абай-аға...

– Жарар, – деді Абай-аға. – Қалжыңдаймын. Сіз әлі жассыз. Көрешегіңіз алда. Бұл тарапта біз жасы құралпас Михаэлис мырзамен көп кеңесетін едік. Ақылды, білімдар адам. Ішкі Ресейдегі көп жағдайға менің көзімді ашты. Тек... тым орысшыл. Дауласып қалатын едік. Сол әңгімелердің кейбірі жұрттың құлағына жетіпті, мына кісілерден сұрасаңыз, мүлде өсіріп, басқаша қылып айтады... Жалпы, таң қаларлық жағдай, сіздер дүниеге орыстың көзімен ғана қарайсыздар. Тек Гросс мырза ғана... – “Орыс емес, поляк, ол да кіріптар жұрт өкілі болғандықтан...” – деп айта жаздап іркілді, мейманының көңіліне қараған. – Гросс мырза да бізбен бірге болуға керек еді...

– Киргиз... қайсақтар... Қазақтар туралы жазып жатқан кітабымды бітіріп, бірер айдан соң барам деп сәлем айтты сізге.

– Жазсын, – деді Абай. – Біздің өз ішімізден айрықша білімді азаматтар шықпай жатыр. Оқығандар көп – бірі тілмаш, бірі шенеунік. Іргелі аталар баласын бермейді. Орысша оқыса кәпір болып кетеді деп қорқады. Жарлы-жалбағай, төмен текті шаңырақтан шыққан, уызынан жарымай өскен бала елдің мұңын қайтсін, жұрттың қамын қайтсін, бар тілегі, бар тірлігі жеке басынан аспайды...

– Өзіңіз үлкен ұлыңызды оқуға берді деп естідім...

– Иә, – деді Абай жадырап. – Түменге, реалдық училищеге түсті. Сәтіммен тәмамдап, Петербургта оқыса деймін... Менің жұлдыздай жарық, дарынды бір інім болған, – деді. – Халиолла. Омбыда оқыды, Мәскеуде бітірді. Орыс әскерінің әпесері болып бастады. Ақылы шалқар, білімі дария, орыс оқымыстыларының өзін таңырқатып, жақсы лепеске жетті. Амал не, жиырма бір жасында көктей қиылды. Қазақта болмаған дерттен. Чахотка... Әбішіме сол ағасының жақсы жолын, жасамаған жасын берсе деп тілеймін хақ тағаладан... Қызымет алсын, шен алсын деп бергем жоқ, Құнанбай әулеті мансаптан кенде емес, халқына еңбек етсе деп едім. Сол күнді көрсем...

– Көресіз, болады, – деді Долгополов. – Сіздің дарынды халық Еуропаның ғылым-біліміне де қанығып, өзін өзі басқарар күнге жетеріне күмән жоқ, – деп, ұзын шашын кері серпіп, қалпағын оңдап киіп, ер үстіне жайланып отырды.

Осы кезде жүргіншілердің бірінің аты пыскырды. Оған екіншісі қосылып, оқыранған.

– Тәйт! – деді Байкөкше акын. – Абай-ағам мен орыс ұлығының әңгімесіне бөгет жасамаңдар! – Біраз жұрт күліп алған. – Пыскырғаны несі, оқыранғаны несі! – деді Байкөкше шімірікпестен.

– Әй, Байкөкше, – деді Абай ер үстінде кеудесімен түгел бұрылып. – Әңгіме – елді қалай жеп, жұртты қалай алдау турасында емес. Қалың қазақтың бүгіні мен ертеңі жөнінде. Жақсыда жаттық жоқ деген. Мына Долгополов мырза – сондай жайсаң азамат, халқының қамын айтамын деп, өз патшасынан қуғын көрген, қазаққа да бүйрегі бұрыс, сол үшін сыйлап, қонаққа шақырдым, бәрің де құрмет тұтындар, – деді. Семейге аударылған азғана жыл ішінде іждағатпен қазақша үйреніп, тіл сындырып қалған Долгополов ел ағасына ризашылықпен, сыпайы тағзым жасады. – Бірақ “Өзіңнен тумай ұл болмас” деген, өз қамыңды ең алдымен өзін ойла. Ол үшін... қазір біздің тізгініміз орыста, қазіргі заманның өнері мен ғылымы да орыста, ендеше, теңдік дағуасына жету үшін орыстың тілін үйрен, ғылымын меңгер, өзіңнің жасың өтіп кетті, балаңа, ұрпағыңа жол аш. Әйтпесе ел болып тұра алмайсың. Ертең мына жерден де айрыласың... Өткен бір мәжілісте дүниенің арғы бетіндегі үндіс деген жұрттың қалай құрығанын айтпадым ба. Елдігі мол, ерлігі кемел қаншама халық өнерінің кемі, ғылымының жоғынан, арбауға сенген аңғалдығынан біржола харап болған. Байеке, “көп бітеді, жеп бітеді” деген балдыр-батпағыңды қойып, соны өлең қылмайсың ба?

– Абай-аға, – деді Байкөкше. – Әңгімеңіз аянышты. Бірақ соның өзі мені тартпады. Өлеңге қосқанға бір түрлі... еңсені баса береді екен. Одан да кәпір мен мұсылманның соғысы...

– Оның бәрі ертегі, – деді Абай. – Тыңдағанға қызық, ғибраты аз, танымы кем. Шын батыр керек болса, Шәмілді көтер. Дағыстанның ерлігін дәріпте. Тағы да көп сөз айтқам. Түстік қиырда, Африка деген жерде зәңгі жұрты арпалысып жатыр. Өздері түгел жалаңаш, қарулары шолақ найза, ағылшынның бораған мылтығы, күркіреген тобынан тайсалмайды екен. Орыстардың өзі қайран қалып жазған. Соны айт. Бірақ, – деді сосын, – мұндай киссаға ақындығың жетсе де, білімің жетпес. Алдымен кешегі Кенесары-Наурызбайды жырға қосыңдар. Арыдағы Абылайдың аруағын көтеріңдер!..

– Абай-аға, ол тақырыпты маған беріп едіңіз ғой... – деді Көкбай.

– Бұрынғының батыры мен ханы ешкімнің де меншігі емес, – деді Абай. – Кімнің өресі жетсе, кімнің жүрегі дауаласа, сол ие болады, Байкөкше мен екеуің – бірің жас пері, бірің қарт бәрі, қай жеңгенің аласың. Міне, – деді сосын, – аяқ асты – жұпар иіс боз жусан, көз жетер жер – дариядай толқыған ақ селеу. Анау жылғаның басы – бұлақ, екі өңірі – түйе бойламас қараған. Осыны өлең қылыңдар.

– Абай-аға, – деді Байкөкше. – Бұта мен шөп қалай өлең болады?

– Болады, – деді Абай. – Қауқарың жетпесе, мансұқ етпе. Ал сен ше, Көкше?

– Абай-аға, менің де қауқарым жетпейді, – деді Көкбай.

– Ендеше, басқа біреуге тапсырамын. Оқудың басын шалған жастарға. Мәселен, Ақылбай...

– Немене, аға?.. – деді қолына томағалы қаршыға қондырған, үлкендердің әңгімесінен тыс, бір шетте, өз ойымен келе жатқан Ақылбай, аты аталғанда ұйқыдан оянғандай еліп етіп.

– Бізді тағы бір сынаңыз, – деді Көкбай. – Мына орыс төреден ұят болып жүрер. Қазақтың ақындығын көрсін бұл да..

– Ендеше... – деді ақын аға, – эне, алдымызда, анау қырат басында қатарласқан үш күмбез көрінеді. Жол ұшығы Көпбейіттің әуелгі белгісі болар. Үш күмбез. Жауын жауып, жел үрлеп тоза бастаған. Кемі жүз жыл. Ортаңғы – әкесі, шеткі екеуі – баласы екен дейік. Осы әкелі-балалы үшеудің бұдан жүз жыл бұрын өткен ғұмырын жырға қосыңдар. Байеке, жасың үлкен, әуелгі кезек сенікі!

“А-а-а-у!..” – Байкөкше тамағын ашып, кең даламен жарыстыра, шырқай дауыстап алды да, толқынды, ашық дауыспен, ешбір бөгеліссіз төгілте жөнелді. Түйдектете жырлаған беті ат үстінде жамбастай қисайып, қанжығадағы киіз қапты домбырасын алды. Шанақты ұра, төпелей тартып, әуелете созып барып, термелеп кетті. Баяғы, бағзы заманда, атам қазақ аманда, Нұралы деген бай бопты... Төрт түлігі сай екен, тоғыз ұлы бар екен, түйесі түгел нар екен, жылқысы түгел ала екен... Сөйтіп, шалқып-толқып отырғанда, елін жау шабады, тоғыз ұл бірдей өледі, тоғыз мың түйесі, тоқсан қос жылқысы жаудың қолында кетеді.

Қайғы басқан Нұралы сегіз күн бойы зар тұтып, тоғызыншы күні талығып ұйықтап кеткен екен дейді. Түсінде ақ сақалды әулие келіпті басына...

– Токта! – деді Абай. – Арғы жағы белгілі болды. Кешке дейін бітпейсің. Көкше, ендігі кезек сенікі!

– Абай-аға, Байекеңді жалғастырайын ба, әлде өзімше айтайын ба?

– Жалғастыру онай, жаңадан баста, – деді Абай.

Көкбай Абайға, сол қатардағы үлкендерге бет бұрып, ер үстінде жамбастай отырды да, бірқалыпты қоңыр дауыспен мақамдай жөнелді. Ертегі емес, естегі деді. Аңыз емес, анық болған іс. Белгісі күні бүгін көз алдымда тұр. Ол – шөбі шүйгін, суы мол Бақанас өзенінің биік қабағында тұрған үш күмбез. Өткен жұрттың бәрі тәуап етеді. Бала тілеген мүскіндер басына түнейді. Бұл кім? Бұл – атағы Керейден асып, алашқа жеткен Нұралы бай. Екі қапталында – батыр болған, бағлан болған екі ұлы. Бай көп, қайсысының басына жұрт түнепті. Бағлан көп, қайсыбірі ақын жырына арқау болыпты. Жәмиғат, құлақ салып тыңдасаңыз, мен Нұралы байдың хикаясын толғайын. Баяғы өткен заманда, дін мұсылман аманда...

– Болды, – деді Абай. – Көкше, сен де тоқта...

Бұл кезде аттылы шеру қыр басына, үш күмбездің іргесіне ілініп те қалған еді.

– Бүгінгі жыр жарысы осымен тәмам. – деді Абай, екі ақынның тым құрса бірін толық тыңдамай, үнсіз өкініште қалған жұртқа барлай қарап. – Үш ай жайлау – құдай сәтін берсе, талай қызыққа кенелеміз...

– Аға, Байекем мен Көкемнің қайсысы жеңді? – деп сұрады, мана, өлең басталғанда шеттен шығып, ортаға түскен, енді, дағдарып, әкесінің бетіне барлай қараған Ақылбай.

– Байеке, Көкше, – деді Абай, таразыға тартқандай, екі ақынға кезек көз салып. – Байеке, ақындығыңда мін жоқ, бірақ сенікі ескі сарын. Қартқа қызық, жасқа қалай? Ертеңгі жұрт жалықпай тыңдар ма? Осыны ойла. Көкше, сенің бастауыңда соны серпін бар, бірақ айналып ескі жолға бұрылды. Байекеңнен сенің заманың басқа. Артыңа емес, алға қара. Сен оздың деп тұрғам жоқ, – деді қыр мұрынын сұқ саусағымен сипай өтіп, жымың ете түскен Көкбайға жанарын қайта тіктеп. – Өлең өрнегің Байекеңнен бір тұтам төмен жатыр...

Бап аяндаған топ атты қыр басына жетіп, еріксіз ошарылған еді. Аумағы үлкен ауылдың қотанындай, жыпырлаған көп бейіттің жосыны бөлек. Қақ ортада аралары алшақ, жатаған үш күмбез тұр, киіз үй кейіпті, дөңгелене біткен, әдемі. Төменіректе тағы бір күмбез бар екен, қос сияқты тіке қаланған, шошақ. Төрт күмбездің төңірегі түгел тас мола. Кейбірі текшелеп қаланған, кейбірі жай ғана үйілген. Қорым кейіпті үлкендері де бар. Әріректе, тас молалар сайлауыт ойпаңға құлап, қайтадан қыр басына шашылар тұста ортасына түсіп, үйіліп қалған тағы екі-үш ескі күмбездің орны байқалады. Абайдың өзі бастап, жұрт түгел аттан түсті. Тізе бүгісті. Жұрт аруақтарға құран бағыштау құрметі молдалығы бар Көкбайға, немесе жасы үлкен ақсақалдарың біріне тиер деп күтіп еді, ондай ишарат



білдірмеген Абай үнсіз мүлгіген азғана бөгелістен соң, бой шымырлатар қоңыр күңгір, әуезді, ашық мақаммен өзі бастап кеткен.

Мұсылмандық рәсім, аруақтарға иман тілеген қазақы батадан соң Абай жан-жағына бажайлап қарап алды да:

– Жерге атын берген көп бейіт осы болды ғой, – деп сұрады, жүріс-тұрысы мол, ел жайын жақсы білетін Байкөкшеден.

– Жер біреу, бейіт екеу, – деді Байкөкше. – Мынау – зираттың ескісі. Мана айттым, ортаңғы күмбез – Нұралы, екі жағындағы – екі баласы, аттарын білмедім; төменіректегі күрке бейіт – Бөжембай, нақты тегі белгісіз. Нұралы – бай болған, өсіп-өнген әулет, жылқысы Шыңғыстың етегіне, Бақанастың өзеніне сыймай, ұрпақтары төменге, теңіз бойына қоныс аударыпты, бүгінгі Керейдің ең ірі байлары осы Нұралыдан. Екінші қалың зират – төменде, анау, өзеннің арғы беті, тау етегі, – деді иегімен нұсқап; ол да жыпырлап тұр екен, бірер күмбез көрінеді, көбіне биік төрт құлақ, тастан қаланған там сияқты. – Бүгінгі жер иесі Құрымбайдың аталары сонда, – деді Байкөкше. – Өзіңіз білесіз, Абақ Жастабан Керей ішінде Қожагелді, Жанбай. Бұл Жанбай – біздің атамыз Айдоспен тұстас болса керек, өз заманындағы белгілі адам. Сүйегі бұл жерге жетпесе керек. Арғы бетте, Ерен-Қабырға жақта. Бізден бұрынғы Қабаш деген ақынның айтқаны бар еді: “Ер Жанбай жарғыш болған Абылайға...” деп.

– “Жарғыш” не?

– Ханның әмір, жарлықтарын қадағалап, қарап отыратын кісі ме екен... Әлде ақылшы, кеңесші ме...

– “Жарғыш” – ауызекі, – деді Абай, – дұрысы – жарғышы, шамасын дұрыс айттың – төре би, төбе би, – деді. – “Жеті жарғыны” білесің ғой...

– Білем, – деді Байкөкше. – Аз-маз. Біразын, – деді сосын.

– Білесің, – деді Абай ойлы жүзбен қарт ақынның әжімді бетіне қарап. – Көп білесің. Қайдан білесің?

– Абай-аға, біздің білгеніміз сізбен салыстырғанда тамшы ғой. Оқымадық. Азғана тоқығанымыз... Ал, Абай-аға, – деді сосын жүзі ашылып, еңсесін жазып. – Атам қазақ “Далаға қонба, молаға қон” деген. Бас-аяғыңыз бірдей жыпырлаған киелі аруақ. Сол екі аралықтағы құт қонған жер... Міне!

Абай бастаған топ Нұралы зиратынан түсіп, төбеден айнала бергенде алдан ғажайып көрініс тартылған...

## 2

Осыған дейінгі хикая – жазушы қиялының жемісі дерсіз. Қасында болған жоқ, көзбен көріп, құлақпен естіген жоқ. Солайы солай. Бірақ нақпа-нақ екендігіне кепілдік береміз. Көштен кейін қалғаны, қасында пәлен мен түгеннің болғаны рас қой. Рас. Ендеше, ұлы Абай сол замандағы еркін ойлы орыс зиялысымен не туралы кеңесуі керек? “Қалың елі қазағының” мұң-мұқтажы, болашақ тағдыры туралы. Басқа емес. Сол жол үстінде шежірелі қарт, өлеңші ақын, ежеттес қауыммен арада қандай

әңгіме болуы мүмкін? “Өлген мола, туған жер” төңірегінде. Ендеше, біздің айтқанымыздың бәрі жөн. Біз ештеңені ойдан шығарғамыз жоқ, өшкенді қалпына келтірдік. Бұдан соңғысы тіпті оңай. Менің атам өз әкесінің аузынан естіген. Көкбай ақсақал тағы баяндап кеткен. Ең бастысы – Абайдың өзі бейнелеп берген. Орайын тауып, іждағатпен қайта көшіріп шықса жетіп жатыр.

Сонымен, Абай бастаған үлкен топ тұмсықтан шыға келгенде қарсы алдарынан ғаламат сұлу көрініс тартылған. Теңдесі жоқ, қайталанбас сурет. Бұл көрініс, бұл сурет Қазақ елі, Қазақ жері деген сөздің ғана аясына сыяр еді. Бейнесін жасауға сол Қазақтың қолқа-жүрегінен жаралған Абайдың ғана құдыреті жетер еді. Біздікі – бардың өңін айналдырып, қайтадан таңбаға түсіру талабы ғана. Иә. “Ойланып, ойға кеттім жүз жылғы өткен...” Басқа бір заман. Басқа ел. Басқа жер. Қайткенде де қаймағың бұзылмаған...

Алда тау. Артта қырқалы белес. Екі аралықтағы, аумағы тай шаптырымдай ғана ұйықты алқап – Сағди мен Жәми жырға қосқан Ирем бағының көктен түскен жаңа бір болмысы. Жасыл алқапты қақ жарып өтіп, қысаң сайға барып кіретін өзен бойы қалың тоғай: ақ қайың, көк терек, боз тал. Үйіріле біткен тұтасы да бар, оза шыққан түбегі, шоқ-шоғымен дараланған оқшауы да бар. Әр тұста көштен босаған, өркеші баладай, шудасы төгілген түйелер мойнын созып, тал қайзап тұр.

Арғы қабак – тусыраған қалың көк көде, боз жусан аралас қоңыр қараған, қызыл тобылғы жапқан қырат – жылға-сайлары тарамдана сөгіліп, керіле манаурайды. Ертемен айдалған көк алалы қалың жылқы бытырай жайылып, ойдан асып, белеске шығып кетіпті; құлын-тайлары еңісте ойнап, ат, айғырлары өрде желдеп, шұрқырап жатыр. Кең дүниеге, шын еркіндікке жаңа шыққандай. Алысырақ беткейде бұршақша шашылған қызыл қойлардың сұлбасы аңдалады.

Бергі бет... Жанарлы, үлкен қара көзімен бүкіл алапты тез шолып шыққан Абайдың назары қайтадан бергі бетке ауып еді. Атының басын тартып, сұқтана, сүйсіне қарап тұрып қалды.

Ауыл жаңа қонып жатқан жасыл түбек. Түбектің төрі, тоғайға кіре берісте үлкен үй – Ділда бәйбішеге тиесілі алты қанат ақ орда бой көтеріпті. Айдынды, әсем. Қыз-келіншектер басқұрын байлап, түндігін тартып жатқан сияқты.

Беріректе және бір үлкен үй тігіліп қалыпты. Уықтар қадалып болған, енді туырлығын жауып жатыр. Тағы бір үйдің шаңырағы көтерілген, тағы бір үйдің керегесі керіліпті.

Үй тігу қамындағы қаншама жұрт – әсем киінген қыз-келіншек пен жігіт-желеңнің сыңғыраған күлкісі, әлденеге мейірленген көңілді дауыстары үзіліп-үзіліп естіледі.

Өншең ақ қайың өскен бергі бір ұйыққа алтыбақан құрылған екен. Әзіргі иесі – бала-шаға сияқты, улап-шулап олар жүр.

Қалың шалғынды жапыра қонған, жаңа ғана орнап жатқан ауылдың арғы шетінде желі тартылып, құлындар байланыпты. Бастары ғана

кылтыып көрінеді. Бұл жерде желі барын көк шалғын үстінен жондары жалтырап, салқау шыбындаған тоқ биелер ғана аңғартқандай.

Кенет жүргіншілердің үстінен, тіпті, қамшы сілтер төменнен сусылдап бір топ үйрек өте шықты.

– Қап! – деді Ақылбай қалбалақтап.

Қаршығының томағасын тартып үлгермеген. Үйректер әп-сәтте өзенге түсіп кетті.

Жұрт сонда ғана аңдаған еді. Ауылдың арғы беті де, бергі беті де – өзеннің ұзына бойы көтеріле ұшқан, төмен құлаған, ілгері-кейін сымпылдаған құс. Тіпті беріде, түбекті бойлай, ауылдың қақ үстімен қатарласа қаңқылдап төрт-бес қоңыр қаз ұшып барады.

– Пәлі! – деді Ақылбай. – Мына шалдардың әңгімесін тыңдаймын деп, бар қызықтан құр қалыпшын! Һай!.. – деді де, түбекті құлдап, төмен қарай шаба жөнелді.

Абай жаңа қонған ауыл көрінісі, бұла табиғаттың сұлу суретін енді басқа бір қырынан танығандай. Міне, туған жер кейпі. Міне, ата қазақ өмірі...

Өзі көп қызықтаған шығыс хикаяларында шақырайған күн астындағы ұзақ жолда шетсіз, шексіз шөлден асып, ыстық соғып, аңқасы кеуіп, діңкесі құрып келе жатқан жалғыз жолаушы құмы сырғыған тағы бір шағылға көтерілгенде қарсы алдынан мәуесі тұнған дарағы бар көлеңкелі, саялы, сылдыраған суы бар тынысты, шипалы, ажал жайлаған аңызак әлемнің қақ ортасындағы тіршілік ұйтқысындай жасыл жазира шыға келер еді... Күлгенде де көкірегі жібімеген, жадыраса да ішіндегі мұз ерімеген, молшылық астындағы таршылықта, думан үстіндегі дағдарыс, кең дүниедегі тығырық – құлан жортпас құба дүз, қаңбақ шықпас қуарған құм әлемінде азапты күн кешкен Абай ескілікті зираттан озып, төбеден аса бергенде алдынан тартылған өзгеше суреттің қоңыр лебі көкірегіне нұр құйғандай сезінді. Кеудесі кеңіп, қуаты толқып, бойында өзгеше бір күш бұлықсыды. Сәл-пәл алабұртып тұр. Әлденеге ғашық. Жастық құмары қайта оянғандай. Бірақ сезімін ғана емес, санасын да жайлаған, өзгеше тұрпатты, әрі биік, әрі берік, айнымас, тозбас аңсар. Шөл... Тәтті шөл, ынтық зар. Бүгін ғана сыз бермеген. Көптен бері құрсап жүрген. Не екенін білсе де, анық пайымдамаған екен. Немесе дауаламаған. Тұрлауы бар, тұлғасы жоқ екі дай ахуал. Он жылдан асты. Бәлкім, жиырма-жиырма бес жыл. Иә. Он үш жасынан. “Фзули, Шәмси, Сайхали, – Науайы, Сағди, Фердауси, – Хожа Хафиз – бұ хәммәси...” Ұлы шайырлардың ізін шиырлап көрді. Дәурені өткен. Содан соң қайта айналып, қазақтың ескілік сөзіне құнықты, өлең, жырына бойлады. Бүгінгі күннің жауабы жоқ. “Зар заман... – Зарлап өткен бір заман...” Жүрекке қайғы құйып, көңілді мұңға толтырған зар заман сарыны да шипа болмады. Басқа бірдене... жаңа жол табу керек еді. Ел-жұртыңды жарыққа нұсқайтын, өнерді басқа бір өреге – өзгеше тұрғыға көтеретін. Бірақ қалай, қайтіп... Ындыны кепкен де тұрған. Емін біледі, бірақ қолға түспей қойған. Әлемнің сырын аңдау үшін орыстың, одан арғы Батыс жұртының ойшыл оқымыстыларын зерделеді. Өнердің – қазақпен туа біткен өлең сөздің

тамырын тарту үшін Шығысты түгел тауысты, тағы да Батысқа ойысты. Бар тетігін білетін сияқты, бірақ қиюы түспей қойған. Тіпті, табылмаған. Күн озған сайын аңсары арта берді. Бірақ талабы тасқа шабылған. Көңіл – меңіреу, тіл – мақау... Не дауа? Қаршадай кезінен-ақ қыранша қомданып, алыс-жақынға бірдей танылыпты. Атағы даң болыпты. Күні кеше ғана неше дуан бас қосқан ұлан-асыр сиязда төбе би сайланып, жарым қазақтың дау-дамайын бітірді, Құнекеңе – Құнанбай қажыға жете-қабыл мадаққа жетті – не бітті? Өтті – кетті... Қайтадан қолына қалам алды. “Бай болды – сай болды – жай болды...” Ескі сүрлеуден не шықпақ? Діті бар – дәрмені жоқ. Ниеті бар – қуаты жоқ. Әлде пірдің жолын қуып, дүниеден баз кеше ме? Жоқ... Иә, Пір болады. Тек өлең сөздің Пірі... Шөліркей түскен. Тағы да ала қағазды айналдырған. Тағы да қанағат таппаған. Бұлай емес. Дәл бұлай емес. Басқаша жазу керек. Қазақта болмаған. Шығыста болмаған. Батыста... Батыста да болмаған. Рас, олар жаңа өріс ашты, жаңаша жазды. Бірақ өз сыры, өз мұраты. Өз елінің келбет, суреті. Өз заманының уайым, зары. Мұның елі де басқа, заманы, ортасы да басқа. Ал қайғы, қасіреті... Сол ғұлама алыптардың – Батыстың, Шығыстың бұрынғы-соңғы ешбір ойшылының басына түспеген. Олардың бәрі де еркін елдің ұлы еді. Ал бұл... кіріптар. Адамға ғана емес, заманға ғана емес. Және жеке басымен ғана шектелмейді. Ұлысымен, ордалы жұртымен...

Бағы қайтқан қауымның басынан қара бұлт арылар ма? Қашан, қалай? Ойласаң түбіне жете алмайсың. Тұңғығына тарта береді. Біржола батып кетпеудің амалы, жалғыз-ақ амалы – ала қағаз. Басқаның қағазы емес. Өз қағазы. Иә. Амал ғана емес, құрал. Көк күмбезімен астас рух. Жаңа сөз. Былайша қараса, оп-оңай сияқты. Десі кәміл жетеді. Қауырсын қаламның ұшында. Қара сияға матырған кезінде қашып кетеді. Кейде төңіректен жүреді. Кейде қарсы алдында тұрады. Кейде қолмен ұстағандай. Бірақ уысына ілінбейді. Буалдыр. Сағым. Кейде қойылады. Кейде селдіреп алыстайды. Көбіне бұлдырап қиянда тұрады.

Ал биыл... Көктем туғалы айрықша бір жеңілдік сезінген. Рас, қажы төсек тартып жатып қалды. Тегі, зілсіз дерт сияқты, қайраты сарқылған жоқ, сөзі түзу, жылдағы әдетімен жұрттан бұрын қозғалып, Шыңғыс асып, Шақпаққа қонды. Бірақ... ел күткендей тез көтерілмеді. Кім білсін... Арыстан жүректі, кәркіден қуатты Құнекеңнің өзі еңкейіп бара жатқандай. Иә, өзгеше өмір кешті, арманы жоқ. Абай еріксіз жымыды. Өке ауырғаннан бері бұрынғыдан ересек тартқандай. Қызық емес пе, қырыққа шыққанда... Енді... бар ісі басқаша болуға тиіс сияқты. Иә. Басқаша болады. Зор қуаныш. Әбдрахман үлкен қалада орысша оқудың екінші сатысына ілінді. Озық бітіреді. Одан әрі... Абайдың жүрегі лүпілдеп, қиялдауға батылы бармайды. Жаңаның басы. Сол Әбіш тындырады бар істі. Әбіш және сол қатарлы жас өрімдер. Ал бұл... Әлі тұғырдан тайған жоқ. Сол себепті билікпен біржола қоштасты. Ендігі билік – сөз өнері... Құмарта түскен. Тек бұрынғы дегбірсіздік жоқ. Межелі сәтке тақағанын анық сезінген. Енді міне!.. Іздеген суреті. Діттеген ойы... Абай қайран қалды. Бұл көз ашқалы ауыл талай көшті. Ат жалын тартып

мінгелі қазақтың қаншама көрікті қонысын танып-білді. Әлде соның бәрі көңілге жұқпай, сыртта қала берді ме. Әлде көңілдің өзі басқада болды ма... Жоқ. Көрген, көңіл тойған, қызықтаған. Әдепкі сурет, өшпес өмір деп ойлаған. Олай емес екен. Өтпелі бұлттай, дүние өзгеріп барады. Асан-Атаның “Қилы заманы” ақиқат шындыққа айналды. Ұлы-қызың орысқа бодан болды. Қайран ел, есіл жұртыңның хал-ахуалы күн озған сайын тарыла түспек. Ертіске келген, Алтайды басқан, Алатауға жеткен мұжық күні ертең осы жерді де иеленіп, шошқасын бағып, соқасын салып жатса қайтер. Бұл жер болмаса басқа жер. Қазақтың қалың қойнауы. Сонда мына сән-салтанатың сағымға айналады, қазіргі уайым-қайғың қасірет-зарға ұласады. Бәлкім, елің өзгеше бір күш табар. Білекпен емес, біліммен. Жетілер, жетер... Ол заман... Абайдың бойы балқып, жүрегі елжіреді. Бүгінгі күн өтпестей, бүгінгі көңіл тозбастай. Фәнилік сурет – бақилық сезімге астасты. Қайткенде де басыңда барың із-түзсіз жоғалуға тиіс емес. Тым құрса таңбасы қалсын. Абай ойдан арылып, оқыс жадырады.

– Уа, Көкше, – деді саңқ етіп. – Ақын болсаң, мына жаңа қонып жатқан ауылдың суретін өлеңге қос. Бұл жолы Байекең дем алсын, – деді сосын ақсия, үнсіз күліп. Мұртын сылап, үзеңгісін керіп, жайланып, салқам кейіпке көшті. Көкбай бұл жолы домбырасын алмақ болып қалбалақтап калып еді, – Асықпа, – деді. – Мына сурет – ат үстінен бопалағанға көнбейді. Қазір, қымызға жеткен соң көрсетесің өнерінді. Ырғалып-жырғалып отырып толғаншы бір...

### 3

Аттың омырауын серпіген көк шалғын қақ айрылып, қайтадан бітігіп жатыр. Тек жүкті түйе өткен тұстар ғана жол-жол болып қалыпты. Қалыңды жапыра тігілген үйлердің дөдегесі әрең көрінеді. Абай еңкейе толқып, жансыз өсімдік емес, қазақ тұрмысына қуанған, сәулетті ауыл болмысын қошаметтеген, жалдана қатар түзіп, өрісі кең өзгеше мінезбен айқара құшағын ашқан жаңа бір тіршілік иесі сияқты, бойлауық, көгілдір, сары, қызғылтым гүлдер аралас өрілген шөп басын сипап келеді. Аяқ баспай, алыстан қарап қана тұратын жер екен. Әрі аяныш, әрі мейір. Қазақтың өзінің көңіліндей қайран қоныс...

Абай тобы үлкен үйге жақындай бергенде алдан лыпып шыққан жігіттер бір-бір аттың шаужайынан ұстады. Ауыл ағасын екі жақтаған, басқаларға да айрықша ілтипат танытқан. Жетелеп жүрмек, қолтықтан сүйеп, көтеріп алмақ.

– Осы жерге... – деді Абай, шалғынды бұдан әрі жапыруға қимай, тізгін тартып. Жігіттер қаумалап, өзі бастап аттан түсті.

– Үйге кірмейміз, – деді еңселі боз ордаға жетіп, бірге келген игі жақсылар, ауылдан қарсы алған үлкендер тегіс қоралана іркіліп, ізет жасап, бастап жүруге ишара білдіргенде. – Мына, құдайдың кең дүниесіне қарап отыралық...

Қолма-қол текемет төселіп, кілем салынды. Үлкендер жайғасып отырар-отырмаста ортаға құшақ жетпес, өрнекті ағаш тегенемен үйірілген сары қымыз келді. Алғашқы зерлі аяқты қолына алған, қатты шөлдегенін енді ғана аңдаған Абай құныға жұтпай, сыздықтата сорып, дәмдеп бірер ұрттады да, кеудесін көтере отырды. Жеңіл, сұрғылт бешпетінің омырау түймелерін ағытты. Төбесі көк шұға, ақ елтірі бөркін шешіп, жиегі жеңіл өрнекті қызай тақиямен ғана қалды. Келер сәтте мойындағы, шалып байланған көк ала шағи орамалын сыпырып тастап, ақ жібек көйлегінің тамақ түймесін де ағытып қойды. Енді ғана тыныс тапқандай, көкірегін кере дем алды.

– Пай-пай! – деді ризашылықпен. Әлде қымызға, әлде қонысқа. – Қадірінді кім білген. Жайсаң жазда қазаққа бұдан артық не керек...

Қымызға бас қойған жұрт Абай-аға тағы не айтар екен дегендей, тегіс іркіліп, қалт тынған. Бірақ Абай-аға бәрінің басынан аса қарап, өзімен өзі тілдескендей бөгеліп қалды. Қымызын қайта көтеріп, тағы азғана ішті.

– Нифонт Иванович, – деді, манадан бері оқшау қалған орыс мейманға қарап. – Бұрын қымыз ішіп көріп пе едіңіз? Семейдегі, сізге бастас орыс ғұламаларының айтуынша, адамның саулығына аса пайдалы, әрі сусын, әрі тағам – осы қымыз көрінеді. Және, – деді, – қазақтағы мен көрген ең жақсы қымыз – осы Шыңғыстың Сырты, Баканас бойында. Алып отырыңыз. Асықпай ішсеңіз, бұл жарықтық сіңе береді... Ал, Көкше, – деді сосын, – дәл бүгін саған омалып отыруға жай жоқ. Алдындағыны төңкеріп іш те, бабыңмен шаруаңа кіріс.

– Маған баптың керегі жоқ, – деді қызыл шырайлы, сұлу Көкбай қыр мұрынын қисайта тартып. – Мені дайын десеңіз де болады.

– Әуелі қағазға түсір, – деді Абай. – Көңілдегі көрікті ойдың ауыздан шыққанда өңі қашатыны болады. Таңбалап жазу – кемшілік емес, қайта, кемелге бастаса керек.

Алақанын төмен жайып, арғысын өзің біл, немесе қоя тұр дегендей ишарат жасады да, бітеу, қысқа мойнын бұрмай, маңдайы жазылып, тік, асқақ отырған қалпында, бүкіл кеудесімен қозғалып, таяу төңірекке көз тастады. Манағы төрт күмбездің шошайған төбелері ғана көрінеді. Жатаған қырқа өзенмен қанжығаласа иіліп барып, төменде белесті тауға ұласады екен. Өзенге құлай біткен қысаң шатқалдың екінші қабағы да дөмпеш биік.

– Абай-аға, бұл қос шоқы – Босаға атанады, – деді тыныштықты бұзып, сөзге араласқан жер иесі Құрымбай. Абайдан әлдеқайда үлкен, елудің жуан ортасындағы, бидай өнді, көрікті кісі. Дөңгелек қара мақпал тақия астынан көрінген самай шашы көк бурыл, қиғаш мұрт, шоқша сақалы ақ аралас, қапсағай, зор денесі жарасымды – қайраты қайтпағаны көрініп тұр. – Жата-жастана басына шығып көрсеңіз – таста неше түрлі сурет бар. Мына төменгі қысаң – өзеннің екі қабағы толған ескі таңбалар...

– Таныдың ба? – деп сұрады мына сөзге елең еткен Абай.

– Қайдан таныын, Абай-аға. Қазақтың таңбасы емес. Мұсылманның жазуы емес. Көбіне сурет. Кісінің сұлбасы, арқар, киік... Иттің, қасқырдың суреті бар, арыстан ба, жолбарыс па, тағы бір азулы аңдар...

– Сонда, бұл сурет, таңбаларды кім қалдырған? – деді Абай Құрымбайға сынай қарап.

– Оны сіз білмесеніз, Абай-аға, мына қасыңыздағы оқымысты орыстың өзі білмейді. Менің естуімше, әкеміз айтушы еді, бұл – мықтың суреті. Мық салған. Мына даладағы қорымдарды біздің ел мықтың үйі дейді. Таңбаларды тасқа түсірген де сол мық.

Абай езу тартып жымиа бере тоқтады. Содан соң таңырқағандай бас шайқады.

– Сенің мық деп отырғаның... Қазақтың аты шықпай, қалмақтың даңы шықпай тұрғанда, бұл жерде басқа бір аталы жұрт болған. Сақ деген. Бәлки, біздің нәсіл, бәлки... қарға тамырлас басқа бір жұрт. Қорымның солардікі екені рас. Ал таңбалар одан да бұрын. Қиял жетпес көне заманда, малшылықтан бұрын аңшылық болған. Мал бақпаған, аң аулаумен ғана күн көрген. Сондағы, табынып салған сурет. Менің інім Халиолла марқұм айтушы еді... – деді жеңіл күрсініп. Содан соң қайта көтерілді. – Енді Әбіш қалқам оқыса, жетсе... соның бәрінің сырын табады...

– Мәшалла, қайырлы болсын, Абай-аға! – десті үлкендер қайта жамырап.

– Мықтың таңбасы... Тілсіз таңбасы қалған. Ал бізден не қалады? Үнсіз моладан басқа. Сен білесің. Басына құран бағыштайсың. Ертең ауыл-аймағыңмен емес, ұлт-ұлысыңмен фәниден көшсең кімге мирас? Жоқ, оқымасаң, орыспен теңеспесең, орнығып отыра алмайсың... – Жүзін азмаз көлеңке шалып, тағы да бөгеліп қалды. Алдындағы шараны көтеріп, орталанған қымызды түбіне тақау ішті. – Ал, Құрымбай, – деді сосын есіне бірдене түскендей, тағы да таңбалы тауға барлай қарап. – Атаңның бейіті арқамызда тұр екен. Қыстауың қайда?

– Қыстау әне жерде, Босағаның сол қапталы, сайдың күнгеі бетінде, қазір көрінбей тұр. Келер жылдары өзен жағасына жылжытсам деймін. Мына, түбек бітетін, өзенге төніп тұрған биік қабаққа...

– Хош!.. – деді Абай. – Мені неге қыстауыңның үстіне, малыңның қысқы қорығына қондырдың?

– Пәлі, Абай-аға, – деді ақсақал қызара жымыып. – Сізден аяған жерді ит жесін де.

– Жөн... Ал, қылышын сүйретіп қыс келеді. Малың не жейді?

– Атамыздың дәулеті бізге нәсіп болмады. Мал дегенде айғыр үйір жылқы, екі-үш жүз қой. Мына таудың іші тұнып тұр, күрек аршып, арқалап тасысақ та бірдене қыламыз ғой...

– Неше балаң бар? – деді Абай сәл ойланып барып.

– Бала... бала дегенде екі қыз... кішкентай. Әуелгі қатынымыз құрсақ көтермеді. Кейінгі тоқал бәйбішенің әзірге бары осы...

– Тоқал бәйбіше деген бола ма? – деді Абай жымыып. – Тәуір көресің, жас қой сірә?..

– Енді... алғашқысы қайтыс болған соң, кейінгісі бәйбіше болады да.

Абай Босаға тауының өзі әлі көрмеген, сырлы суретті жақпар шоқысына тесіле қараған күйі сұлық қалды. Төңірегін түгел ұмытқандай.

Абай үнсіз қалған соң қымыз басындағы қосалқы кеңес, артық әңгіме де тоқтаған.

Кенет төменнен далбалақтап, шоқыта шапқан атты көрінді. Ақылбай.

– Әне! Әне!.. – десті жұрт. Топтан бөлініп, қиялай қаңқылдаған қоңыр қаз. Жоғарыдан зулай сүзілген қаршыға. – Ілді! Ілді!..

Абай қаршығаның жарқ етіп, қазбен бірге ұмар-жұмар төмен құлағанын ғана көрді. Сол сәтте әудем жердегі алтыбақан басында ойнаған жас балалар да улап-шулап, топырлай жүгірген.

– Аға, аға! Маған, маған! – десіп, жамырай айқайласып барады.

– Бәріне де жетеді! Ақылбайдың қанжығасы толған үйрек, қаз, – деді ауыл адамдарының бірі.

– Қыран-ақ екен! Қалай ілді!.. – деді тағы біреу.

Абай оқыс көңілденді. “Мен де...” Сыртқа шығара жаздап, әрең іркілді.

– Көкше, – деді содан соң. – Сен де бірдеңе ілген сияқтысың..

Көкбай жұрттан оңашаланып, алдына әлдебір текше қойғызып, қалам, сия алғызып, құнжындап жазып жатқан.

– Болсаң әкел бері, қасқалдақ па екен, қаз ба екен?..

– Шабыт қысып, жазуым пышырап кетті, Абай-аға, – деді Көкбай. – Өзім оқиын.

– Мейлің.

– “Алашқа мәшһүр Ибраһим мырза Құнанбай қажы ұғлының Бақанас өзенінің бойындағы Көпбейіт деген жерге жазғы жайлауға көшіп қонған сүгреті...”

– Көкше, сенің мынауың ертегі болып кетпесін, – деді Абай шұбалана карап.

– Абай-аға, көшіп қонған ауылдың сүгретін шығар дедіңіз. Басқа бір жуан байдың емес, сіздің көш екенін, ол ауылдың нақты қай жерге келіп қонғанын айту керек пе, жоқ па? Енді өлеңнің өзін тыңдаңыз. “Тобықтыда Құнанбай, – Мұзды балақ қырандай, – Сөйлеген сөзі құрандай, – Қайрат-күші бұландай...”

Екі-үш шумақты қатарынан төпелей толғады да, үнсіз, салқын отырған Абайға қарады.

– Абай-аға, сіздің кім екеніңізді әйгілеу үшін қажыны айту керек болып тұр. Атадан асып туғаныңызды көрсетсем деймін.

– Артық сөйлем, – деді Абай қабағын шытып. – Мақтауың жөн. Бірақ орнында тұрған жоқ. Ары қарай кеттік.

Көкбай сәл басылып қалды. Бірақ өлеңнің келесі шумақтарында қайта көтерілген.

Сол Құнанбай қажының сүйікті ұлы, ел ағасы Ибраһим мырза “Жүз нарға кілем жаптырып, – Салтанатын арттырып, – Мыңғыраған малымен, – Мал айдаған жанымен...” Бақанастың бойына келіп түседі ғой. Содан соң мырзаның ардақты зайыбы, аруағы асқан Қаз Дауысты Қазыбектің ұрпағы Ділда бәйбішенің үлкен үйінің кереге, уығынан кілем, басқұрына дейін, қымыз құйған қайың тегенесінен сүйек ожауына дейін түгел сыпатталады. Бұдан соң екінші үй – сүйікті жар, әлемнен асқан сұлу тоқал Әйгерімнің отауына жеткен екен. Абай аяғына дейін тындамады.



– Болды, – деді. – Көкше, сен... жайлауға шыға алмадың, ескі сүрлеумен тозған қыстауға қайтып оралдың.

– Абай-аға, барым осы, – деді Көкбай түтіге тұқырып.

– Бардың өзін ұқсата алмадың, – деді Абай – Тым құрса қарамайсың ба жан-жағыңа... Жаман өлеңді жырт, – деді содан соң жадырай күліп. – Орын ауысайық, тырбанып өлең жазамын деп, қымыздан құр қалдың!..

Зор денесі ауырлай бастаған, тәкашар, байсалды Абай жас баладай елбеңдеп, орнынан тұрды, көлдей қызыл ала, масаты кілемнің бір шетінде, алдындағы текшеге шынтақтаған қалпы дағдарып қалған Көкбайды тұрғызды, тазқараның шалғысынан толымды қиылған қаламын алғызып, қағазын жаңартты да, ешбір бөгеліссіз жазып кетті. Қалған жұрт Көкбайды қағытқан Байкөкшенің, соған орай, сен тым құрса бәйгеге қосылуға да жарамай қалдың ғой деген Көкбайдың әзілін қызықтап, тым дабырламаса да, әжептәуір дуылдасып, қайтадан қымызға бас қойған. Сүт пісірім уақыт өтпеді. Абай орнынан тұрып, қайтадан топқа қосылды. Сусап кеткендей, шара аяқ қымызды ортадан асырып бір-ақ көтерді. Тостағандай қара көзі ұшқындап, айрықша ажарлы жүзбен алыс көкжиекке қарады. Қысқа мұртын сипап, оған жалғас шоқша сақалын аз-маз сылап, қалың, бітік қабағы дір етіп, тағы да жымыды. Содан соң, манадан бері бір қолында жүрген, төрт бүктелген ақ қағазды табақтай қылып алдына жайды. Кеудесін кере отырып, жұртты төбесінен аса бір шолып шықты да, әуезді қоңыр мақаммен, құла жорғаның жүрісіндей тербете жөнелді.

“Жаздыгүн шілде болғанда,  
Көкорай шалғын, бәйшешек,  
Ұзарып өсіп толғанда,  
Күркіреп жатқан өзенге,  
Көшіп ауыл қонғанда...”

Қайран ел! Қайран жер! Не көрер, не болар?! “Көк тұман алдындағы келер заман”. Не шара. “Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ...” Одан басқа не келеді қолдан. “Жылай, жырлай өлгенде, – Арттағыға сөз қалсын...” Жай ғана сөз емес. “Толғауы тоқсан” сырлы сөз. Жұрт кейпі, замана суреті. Бүгінгі күннің мұңы, ертеңгі күннің қамы. Фәни мен бақи. Тағы қаншама хикмет. Әлбетте, мұның бәрі кейін. Әуелгі бастау – “Жаз”. Қазақ рухының биік көрінісі. Абай өзінің мәңгілік мұратымен алғаш рет осы Көпбейітте табысқан. Қазақ әдебиетінің жаңа дәуірі осы арадан басталыпты. 1886 – ит жылы, итшілеген заман.

Айтпақшы, менің болашақ ғұмырым да сол жылдан бастау алады екен.

Жаны жайланып, өнері өріс тапқан осы бір жазғы жайлауда, көңілі хош, мерейлі күндерінің бірінде, бәлкім, қайтадан Бауырға түсер шағында, Абай атам жер иесі Құрымбай шаңырағына: “Сөз ұстаған ұл тусын, Ел ұстаған би тусын!” – деген бата беріпті. Құрекеңнің арада үш жыл өткен соң туған ұлы Мағауия зарығып көрген жалғыз немересінің атын Мұхтар қояды – Сөз ұстасын деген; 1940 – ұлу жылы екен, иттей

ұлыған, қазақ қансырап, бүкіл әлем апат алдында тұрған заман. Бұл Мұхтар – қазақтың көл-көсір Сөзінің бір пұшпағына қолы жеткен Мұхтар Мағауин – зұлмат ғасыр, қапас ғасырдың жіптіктей сәуле түскен соңғы мүшелі, соңғы жылының соңғы айында көп күттіріп дүниеге келген еркек кіндікті алғашқы немересінің атын Бату қойыпты – Ел ұстайтын ұл болғай. Абай атамның құтты батасының бір айналымы. Тізбекті толық шеңбер тоғыздан қайырылса керек. Бәлкім, тоқсан тоғыз. Абай – пір. Абай – мәңгілік. Яғни, батаның дуасы ешқашан тарқамайды. Уақыт озған сайын күшейе бермек. Қазақтың қасиетін таныған, Аруақтың аманатын аркалап, Ұрпақтың мұратын байыптаған, сол Жолға барын салған Ұлдың азды-көпті еңбегі әулетімен еселеніп, Елдің игілігіне қызымет етпек. Менің ғұмырым – Қазақ Халқының жасымен өлшенеді. Бүгінгі күнім – болашақтың баспалдағы ғана.

\* \* \*

“Сондықтан қайғы қат-қабат,  
Қарап тұрмын сендерге,  
Атасы басқа, өзі жат  
Жалғыз жанша жат жерде...”

Жаз. Шілде. Бірақ тұтас ғасыр өткен. 1986 жыл еді.  
Көкорай шалғын жоқ. Бәйшешек орнына ошаған өскен.  
Жүзім сыз, жүрегім мұз. Ал өзегім өртеніп барады. Егер солай болмаса, қалай болатын еді!.. Баяғы бір кезім қайта оралғандай. Сол кездегі жаралы, қасіретті көңіл. Жоқ, қазіргім жеңіл екен...

Он алты мен он тоғыздың арасы. Көңілім лайланды да тұрды. Ойлағанда ұйқым бұзылатын еді. Баз-базында ауып-ауып кететін сияқтымын. Не дауа... Ақыры, бар мұңымды қаламға көшірген кезде ғана жеңілейдім. Бірақ арыла алмадым. Арылу мүмкін емес еді. Бір қол, бір аяғың қатарынан шабылса... не болады? Мүмкін, тірі қаларсың. Бірақ он екі мүшең орнына келмейді. Ешқашан. Менің халқым да алапат апаттан соң мүгедек, жарымжан халге түсті. Өз туған жерінде табанын нық басып тұрудан қалған – жалғыз аяқ. Жауымен жұлқысып жағаласа алмайды – жалғыз қол. Тірегінен, қуатынан айрылғаннан беріде тағы қаншама сырқат жабысқан: өкпе сырылдайды, бас шыңылдайды. Өріс тарылған, кеуде басылған. Аузындағы сөзіне дейін өзінікі емес. “Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың...”

– Алдымен кәмпеске келді, – деді Кенже ағам күрсініп. – Малың алды, өздерін айдап әкетті. Оған ірі байлар ілінді. Жалпы жұрт емес. Содан соң қалқоз келді. Таңдап, талғаған жоқ. Барлық малды сыпырды. Орта шаруаңыз не, жарлының жалғыз сиырын да қалқозға қосты. Қарсылық білдіргендер айдалды, атылды. Көтерілген жұртты қырып-жойып басты. Көпшілік көнді. Көнбегенде қайтпек. Әйтеуір, мал қолдан кетсе де, көзден кеткен жоқ. Бәрі де тақыр кедейге айналып, қалқозға мүше болып, өлмес қорегін айырып жатты. Бұл – 30-жыл болса керек. 31-жылы

ортадағы малды айдап әкете бастады. Лек-легімен, мың-мыңдап. Біз ғана емес, бүкіл қазақ екен. Соншама мал жер дүниеге қалай сыйды, қайда әкетті, не істеді екен, әлі күнге қайранмын...

– Ресейге айдады, – дедім мен. – Жиһан соғысы, революция, азамат соғысынан соң ұлы орыс халқы таршылыққа, қиындыққа ұшыраған. Соларды асырау керек болды.

– Астапыралда!.. - деді Кенже ағам жағасын ұстап.

– Жаз бойы айдаған. Ресейге, мал аяғы жетер жерге. Содан соң, қысқа қарай, қар бекіген кезде темір жол бойына жеткізіп, қан сасытып соя бастаған. Қазақтың мың жыл баққан малының еті мұз болып қатып, тау болып үйіліп жатқан. Тасып үлгергені кеткен. Бір шеті Мәскеу, Петірбор. Енді бір шеті Қиыр Шығыс, Владивосток. Орыс пролетариаты семіз ет жеп, майлы сорпа ішіп ес жиып, социализм орнату ісін жаңа жігермен одан әрі жалғастырған. Ал тасып үлгермеген ет сол арада үйіліп қала берген. Көктемде, күн жылығанда сасып, шіри бастаған. Қаптап, арбалап тауыса алмайсың. От жағып, өртеп көрген. Ештеңе шықпаған. Жазға қарай Ресей шегіне бағытталған темір жол бекеттерінің барлығы да социализмнің жұпар иісіне бөгіп, пойыздардың өзінің басы айналып, шайқалақтап өтетін болған. Ол мал сонымен бітті. Бірақ обыр өңешке тағы да тамақ керек. Жұрттың қолында қалған бірлі-жарым, қалқоздың қорасында қалған там-тұм мал – ол да жинала бастаған. Бұл – 32-жылдың жазы...

– Иә, Алла, – деді Кенже ағам. – Мен он үш жастамын. Бәрі есімде... Сонда деймін-ау, ол жақтағы жұрт шын тарығып жатса, көмектескен жөн, тіпті, тартып-ақ алсын, сонда деймін-ау, мұндағы жұртқа да талғажау қалдырмас па...

– Екі есеп – бір қисап, – дедім мен. – Ондағы өз жұртының өзегін жалғайды. Мұндағы жат жұрттың өндірішегін үзеді. Ең бастысы – жерді босатады. Біржола иелену үшін.

– Біз аңдаусызда, қатеден, асыра сілтеуден болған іс деп ойлаушы едік...

– Ешбір қатесіз, нақты есеппен жүргізілген, дәлме-дәл, ойдағыдай жүзеге асқан іс. Нәтижесін қараңыз. Қазір Қазақстанда қанша қазақ, қанша орыс бар? Елдің иесі кім?

– Көкетайым... – деді Кенже ағам үнжырғасы түсіп, маған жалбарына қарап. – Көкетайым, бұл кебінді менен басқа ешкімге айтпа. Көрдік, бейкүнә бір ауыз сөз үшін қаншама азаматтың кеткенін. Мен сенің жазғандарыңды оқығанда қарадан-қарап қорқып отырам...

– Е, Кенже-аға, бұл – бергі жағы ғана ғой, – дедім мен. – Ойдағыны жаза алмай өтіп барамыз...

– Жазбай-ақ қой, айналайын, – деді Кенже ағам. – Осы жазғаның да жетеді...

– Жетпейді, Кенже аға, – деймін. – Мәселе аз, көп жазуда емес, анығын айтуда. Жарайды, Кенже аға, – дедім. – Қорықпай-ақ қойыңыз. Жазудың өзінің әдіс, тәсілі, астар, тұспалы болады, әзірше аман келеміз, қолға түспей-ақ кетермін деп ойлаймын. Арыла айтуға мұршамыз жетсе, оны

балаларға аманат етерміз, жүз жылдан соң жарыққа шығар деп. Ал енді жаңағы әңгіме...

– Иә... Он үш жастамын. Бәрі көз алдымда. Тіпті, соғыста, өлім аузында жүргенде де түсіме кіретін... Уһ... Жаз шыға ел қырыла бастады. Біреу-екеулеп емес, үйімен, үйелменімен. Сенің атаң артын күтпеді. Күтетін еді, Кепеу айналдыра бастаған. Жолға салған екі шешесі де бізге қарамаңдар, кетіңдер депті. Жер аяғы кени салысымен, бір-ақ түнде жоқ болды. Мына Босағаның арғы бетінде, жан жүрмейтін бітеу сайда ұстап еді жалғыз атын, бәйге, кертөбел ат еді, ұры алды, жоғалып кетті деп қойған, әлдеқайдан тағы бір түйе тауып алып, әжең екеуі тартып отырды. Қырықтың ішінде ғой, жас, қайратты кезі. Содан, жылдан астам орыс арасында, шойын жол бойында жүріп, ел қырылып біткен, дүние ептеп оңала бастаған уақытта ғана қайтып оралды. Бұл кезде сенің ағаң қалада, оқуда...

– Сіз ше? – деп сұрадым, әңгіме жайын бұрыннан білсем де.

– Мен, көкем сырқат, жүре алмайды, апам қасында, екі әжеммен қала бердім. Сенің атаң сол, кертөбелді бекіткен сайда, тас қуысына жарты қап бидай тығып кетіп еді, өткен жылдан қалған, күзде бір-ақ жейсіндер деген, оған дейін өзеннен балық аулады, құсқа тұзақ құрдым, ара-тұра, ұрлық жасағаннан әрмен қысылып, қоймадан бірер дорба бидай әкеп тұрам, апам шала қуырып, келіге түйіп талқан қылып алады, бір-екі қасықтан шөңкеге салып, быламық көже пісіреді. Сонымен күзге жеттік. Қар түскенше жарым жұрт аштан өліп бітті. Біз де түгел емеспіз. Екі әжем де кетті. Бір уыс бидайды менің аузыма тосады. Әуелі Кәгәм – өз әжем Қаракөз өлді. Қазір ойлап тұрсам, өнді кісі екен, бота көз, аққұба. Аштықтан бет-аузы ісініп кетті. Көлденең адам танымастай... Алпыстың үшеуінде болатын. Содан соң Бәкізе әжем – сенің атаңның шешесі өлді. Көзі қара да емес, көк те емес, жасыл, денесі ірі, өңі қызыл шарайлы, сарғыш кісі еді, жас кезінде сойыл соққан десетін, қиналып, сүйегіне терісі жабысып, әрең үзілді, сол жылы сексенге шыққан екен. Содан, қыс түсе көкем кетті. Тоң жерді қайламен, шотпен әрең қазып, әкелерінің аяғы, шешелерінің қасына, мына жаңа зиратқа қойдық... – Кенже ағам ауыр күрсініп, төмен тұқырып, аз бөгелді. – Құдай кешірсін, – деді сосын. – Жеңілейіп қалдық. Апам екеуіміз ғана. Күнкөріс оңайлады. Жарты пұт бидайымыз бар, үнемдеп жейміз. Мен мына етектегі тоғай ішіндегі тарам-тарам қоян жымына тұзақ құрам, күн аралап болса да түсіп тұрады, соны талғажау етеміз. Сөйтіп, иен қорада, екеуден екеу, өйтіп-бүйтіп жазға жеттік. Бұл кезде Бақанас бойындағы жұрт түгел жусап қалған еді. Бұрын бір старшын ел болған Қожагелді әулетінен санаулы-ақ кісі қалды. Бестің, онның бірі емес, жиырманың бірі. Несін айтайын, өзің бұрын да талай естіген сөз, – деді. – Атаңнан әңгіме қалмаған, түгел қотарып қалған шығарсың, – деді. – Сұмдықтар болды ғой не түрлі...

– Бұл тарапта тартына сөйлейтін, – дедім. – Менің айналдырғаным – көбіне ескілік әңгімелер.

Бұл кезде біз қыстаудың іргесі қалған жартасты биік қабақтан суы азайған, бұрынғы майда құмы жоқ, ылғи бір ұсқынсыз, кірлеуіт, ұзыншақ

малта тастар басқан өзен жағасына түсіп, одан қайтадан тақыршақ жар басына шығып, жоғары өрлеп, түбекке енген едік. Кей тұста ұйпаланған, ойдым-ойдым, көбіне жатаған, майда шөп түбімен қурап кеткен, қурамаса да бояуы қашыңқы, шаңытып, аяқ басқан сайын бытырлай үгіліп жатыр. Шілдедегі сиқы.

– Міне, неше жыл болды, су тасымайды, – деді Кенже ағам. – Жаңбыр және қашып тұр. Полигонның кесірі... – деді тағы да. – Аштық адамды әкетіп еді, енді атом адаммен қоса жерді де жұтатын түрі бар...

– Ашаршылық жылы шөп қалай болды? – деп сұрадым.

– Ойбой, бұрынғыдан әрмен қаулап өсті, – деді Кенже ағам. – Алғашқы жылы осы жерге қалқоздың киіз үйлері тігілген. Қалқоз болғанда, байлардың кәмпескелеп алған үйлері. Аппақ самаладай. Кілемін тулақ қылып, үзігін күйелеп, бір-ақ жазда тоздырды. Күзгі жаңбырға, алғашқы қарға дейін тұрды. Кептірмей, сол беті жинаған екен, көктемге жетпей, шіріп кетті. Ең ақыры екен. Содан соң ауыл қонған жоқ бұл жерге. Келер жылы... Сол жылы да, келер жылы да шөп ырғын болды. Бақанастың бойы тып-типыл, қараң еткен мал жоқ, ошаң еткен адам жоқ. Тек жансыз шөп қана. Міне, дәл осы, біз келе жатқан жерде кісінің иығына таласатын. Тура Абай атамның өлеңіндегідей, мана сен тақпақтап айтқан. Тек адам мен мал ғана жоқ. Содан... иә, сен бұл әңгімені естімеген шығарсың. Содан, келер жылы әлде мұңғыл, әлде шүршіттен мал айдап әкеліп, тірі қалған азғана жұртты жиып, қалқозды қайта құрып жатқан кезде, бас сауғалап кетіп, аман қайтқан бірлі-жарымды кісі қатарында сенің атаң да елге оралды. Шешелерінің басына, інісінің басына құран оқыды, жоғарғы бейітке де, төменгі бейітке де барды, өзен бойын ілгерінді-кейінді бір сүзіп шықты, ләм-мим деген жоқ. Үшінші күні ме екен, тағы да өзенге, балық аулауға бара жатыр едім, тоқтатып алды, жұмыс бар деді...

Біз сары-ала түбекті қақ ортасынан кесіп өтіп, өзен бетке – селдір тоғайға шықтық. Төмпештеу жерге біткен сұйқыл шоқ талдың көлеңкесіне келіп отырдық.

– Атаң, онда, жаңа айттым ғой, жас, қырықты жаңа орталаған кезі, әлдеқайдан бір-екі ескі қап тауып алыпты, – деді Кенже ағам, әлде ендіккен, әлде толқығаны, кеудесін сол қолымен басып, аз-маз деміге сөйлеп. – Содан... Төменнен бастадық, анау Босағаның етегінен... Бұрын да көргем, атаң кеше аңдаса керек, тұпа-тура әкелді... Кісінің сүйегі, – деді маған тура қарап. – Қаңқа. Бас бір жерде, аяқ, қол бір жерде, қабыртқасы сөгілген, омыртқасы үзілген – шашылып жатыр. Атаң сүйекті жинады. Құбылаға қаратып, түгел тізіп, құрастырды. Бақайшақ, ұсақ-түйегін есептемегенде, бір сирағы жоқ болып шықты. “Қарсақ, түлкі алып кеткен шығар, іздейік” деді атаң. Іздедік. Таяу төңіректегі тобылғы түбін, тастың астын. Ақыры мен тауып алдым. Тапаны жоқ, қырлы, ұзын асық жілік қана. “Мұнда жатыр” – дедім айқайлап. “Бері әкел!” – дейді. Қорқам. “Қорқатын ештеңе жоқ, өзіңнің әке, ағаларыңның бірінің сирағы...” Жапырақ жұлып, шөпке орап, ұстадым. Әкелдім. Атаң қу сирақты орнына қоя бере ішегін тартты. “Е-е, байғұс... – дейді. – Мынау –

Балтақай ғой!..” Балтақайды білем. Талай ертегісін тыңдағам. Өлең, жырға жоқ, әңгімені “Мың бір түннен” тартып бастағанда, таңның қалай атқанын білмейсің. Сол Балтақай. Бізбен бес-алты атадан қосылатын. Кеуделі, қайратты кісі еді. Жас кезінде балуанға да түсті дейтін. “Мынау – Балтақай, – деді атаң. – Бозбала күнімізде, көкпар тартып жүргенде астындағы аты жығылып, оң жақ сирағы сынып еді. Міне, көрдің бе, шор болып біткенін. Е-е, байғұс!.. Соңғы рет, мен итіме қоян алғызып, соны сойып жатыр едім, от басына келіп отырды. Көзі адырайып кеткен екен, бет-аузы көлкілдеп іскен, қап-қара. “Әй, Мағаш, – деді. – Ахиретте куәгерің болайын, аңшыдан – шыралғы, маған мына қоянның өкпесін бер”, – деді. Мен қоянның өкпесін алып бердім. Шыбыққа шаншып, отқа бір көсіп алды да, аузына салды. Көзі жасаурап азғана отырды. “Көп көрмесең, мына қоянның басын бер” – деді. Қоянның басын бердім. Е-е, байғұс...” Үнсіз аз отырды. “Енді мұны көму керек” деді. Осы араға деп ойлағам. Немесе, ана жерге, Құрекең бастап жатқан жаңа зиратқа. “Жоқ, аталарының қасына апарайық, – деді. – Ақырғы дәмі менен болған екен, топырағы да өз орнынан бұйырсын...” Қапқа салып, арқалап жүрді. Мен жолай қайла, күрек алдым. Өзеннің арғы бетіне өтіп, төменгі бейітке қойды. Иә, тым терең болмағанмен, кәдімгідей қазып, басын құбылаға қаратып, бар мүшесін жазып, құран бағыштап жаназасын шығарып. Сол күні тағы екі сүйек таптық... Әуелде тірілер өлгенін көметін еді. Әйтеуір жер тырнап. Немесе шұңқырға жасырып, немесе жар құлатып, таспен бастырып дегендей. Кейінгі жұрттың оған қауқары жетпеді. Өлгендер құлаған жерінде қала берген. Сол беті, ақсөңке болып, шашылып жатқан. Соларды түгел, түгел болғанда, осы Көпбейіттің аяқ жетер төңірегінде өлгендерді түгел жинауымыз керек екен. “Осының бәрі біздің әулет, – деді атаң. – Көмусіз қалса, обалы – тірі жүрген маған. Ендігі сауабы саған болады”. Сөйтіп, атаң екеуіміз айдан астам – қырық күн шілде бойы сүйек жинадық. Мен әбден етім өліп үйрендім. Малдың жілігін ұстағандай сүйрете берем. Әуелде түгендейтін едік. Басын, сирағын, омыртқа, қабыртқасын. Әрбір қаңқаны өзінше. Түгендедік, бүтіндей алмадық. Саусақ жоқ, бақай жоқ, көбіне қабыртқа да кем. Жоғалған, немесе ит-құс жеп кеткен. Кемірілген жіліктер көптеп ұшырасатын. Әйтеуір барын құраймыз. Әдетте жартыдан әрең асады. Көбіне жартыға да жетпей қалады. Бір ғажабы, бас жоғалмайтын. Танауы сәңірейіп, көзі үңірейіп, аппақ болып домаланады да жатады. Қайткенде де адамның басы өзінен ұзақ жасайды екен. Қу басты айтам. Басқа мүшелермен салыстырғанда... Кейде басы ғана табылады. Жалғыз басты жеке көме алмайсың ғой. Оның үстіне, екеуіміз де шаршадық, шама жетпейді. Тізеден жоғары қазылған қабірге қосарлап, кейде, тіпті, үшеуден көметін болдық, басын да, басқасын да қосып. Араластырып емес, қатарластырып. Атаң әрбір қабір сайын жаңадан құран оқиды. Қырық жеті кісі көмдік. Бастары бойынша есептегенде. Көмілмей қалғандар. Біздің тапқанымыз. Әйтпесе, осы жердегі үш жүз үй Қожагелдіден анық отыз шаңырақ қалды ма екен... Оның өзі түгел емес. Иә, – деді сосын еңсесін жазып. – “Көкорай шалғын, бәйшешек, – Ұзарып өсіп толғанда...” Сол жылы шөп

жойдасыз қалың өсті дедім ғой. Осы түбектегі сыңсыған шалғынның арасы толған өлік болып шықты. Және қырдағыдан басқаша. Көбіне бүтін, сіңірлері де үзілмеген. Шөп басып кеткен, кейде омыртқа, жіліктерін сояудан әрең суырамын. Құдайдың кең даласы тұрғанда осы араға келіп өлген. Тоғайда құс мол, аузыма келіп түсер дей ме. Әлде, іші өртеніп бара жатқан соң, салқын сызға бауырын төсеп жатқысы келе ме. Әлгі қырық жетінің он бес-жиырмамын осы жерден таптық. Бас-аяғы бүтіні де солар... Иә, алла, – деді Кенже ағам сөз соңында бір түрлі тітіркеніп. – Соғыста болдық, қан кешіп жүрдік, неміске тұтқынға түстім, атақты Маутхаузенде отырдым, өлім – ойыншық емес, бірақ адам тозаққа да үйренеді дейді ғой, ал біздің бастан өткен ашаршылық, ашаршылық кезіндегі сұмдықтар, оқ атылмай, бомбы түспей жусап қалған халық – жоқ, бұл – тозақ емес, тозақтың өзі ойыншық болып көрінген ғаламат апат, – деді. – Міне, алпыстың алтауына келдім, осы ғұмырымда қаншама ауыр өткелектен өттім, бірақ әке-шешелерімнің, аға-қарындастарымның қасқыр жеп, түлкі мүжіген ақсөңке сүйектері соның бәрінің төбесінен андыздап қарап тұрғандай көрінеді, – деді. – Басқаның бәрі сергелден, ал мынау – балаңның баласына айтып тауыса алмайтын зұлмат... – деді.

Өзеннің арғы бетіне, көп бейітке қарай жүрдік. Екеуіміз де үнсіз едік.

... Арада тағы қаншама заман озған соң, жақында ғана ауылға – Көпбейітке арнайы барып қайттым. Ғаламат ашаршылықтың біздің әулеттегі ең соңғы тірі куәгері Кенже ағам сексенге қараған жасында, былтыр дүние салған, бірақ жалғыз емеспін, ата қонысын көрсетіп, арыдағы салтанат, берідегі алапат туралы әңгіме айтып, Мағжан деген үлкен ұлымды қасыма ертіп жүрдім. Абай атам қонған көк түбек мен кейінгі көрген қалпында құлазып жатыр екен. Сол қалпында да емес. Белінен басып тас жол салыныпты. Осыдан оншақты жыл бұрын. Тұрғысын көтерерде екі қапталын әудем жерден қырнап, табанға үйген екен. Үстіңгі қыртысы кеткен топырақ шаңытып, ақ сортаңға айналған, қылтанақ көрінбейді. Ойылмаған жердің өзі тақыршақ, алақшын. Тоғайдан түк жоқ. Қуарған төмпешік, үйілген малта тастар ғана жатыр. Өзен суы да дәл осы арадан үзіліпті. Құрғақ арнаның үстіндегі, асфальты қақырап, ойылып, тесілген, қарамай исі шыққан, өңкиген ұзын көпірмен не машина, не адам жүрмейді екен. Социалистік заманнан қалған бір белгі. Сират соқпағы сияқты суық, үрейлі. Үстіне шықсаң опырылып түсердей, астынан өтсең төбеңе құлардай. Сол, жаһаннам көпірінің биігінде тұрып, жоғарғы бейітке қарадым – төрт күмбездің де ортасы ойылған, менің бала кезімде зор еді, енді кіп-кішкентай, жаның ашиды. Төменгі бейітке қарадым – тасынан түк қалмапты, әрине, осы көпірдің құрылысына пайдаланған – төбе шашың қозғалады, мен бабаларымның моласын басып тұр екем. Абай атам қонған көк шалғынды жасыл түбекке – бүгінгі қу тақырға қарадым – өзегі талған кісі басқа жаққа барып өлгісі келер еді.

Оның жаназасын кім шығарады? Кісінің емес, қоныстың. Заманы өткен соң, адамы кеткен соң ол да жан тапсырыпты. Өтерін біліп, кетерін біліп, жазғы жайлау – қайран қазақтың дарқан тіршілігімен алғаш қоштасқан –

Абай атамның өзі екен. Қызығын емес, қасіретін ғана көру бізге бұйырыпты. Көпбейіттің басында, Абай атам тастап кеткен, мың жыл бұрынғы ертегілік жырды тағы бір рет ішімнен қайталадым. “Жаздыгүн шілде болғанда, – Көкорай шалғын, бәйшешек... – Күркіреп жатқан өзенге – Көшіп ауыл қонғанда...” Бірақ көз алдымды кейінгі сурет – шашылған сүйекпен жазылған тарих көлегейлей берген.

2000.